



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

26.05.2025 ж. № 123

№ \_\_\_\_\_

Астана қаласы

город Астана

**«Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы»  
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 14 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын бекіту туралы»;

бұйрықтың 1, 2 және 3-тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті (Е.Б. Қалмақов):

1) осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, республикалық орта білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін;

2) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын 2024-2025 оқу жылынан бастап республикалық мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына енгізуді бастасын;

3) «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын республикалық мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары:

1) осы бұйрықты аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, меншік нысанына қарамастан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін;

2) 2024-2025 оқу жылынан бастап барлық мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын енгізсін (келісім бойынша).

3) меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру арқылы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін.»;

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Білім беру ұйымдарында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс жоспары».

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті осы бұйрықты облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, республикалық орта білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

3. Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының басшылары осы бұйрықты аудандық, қалалық білім бөлімдерінің, меншік нысанына қарамастан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі Е.С. Оспанға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі**

**Ғ. Бейсембаев**

“ZIYATKER TURAN”  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі  
160000, Қазақстан Республикасы,  
Шымкент қаласы, Тұран шағын  
ауданы, 192 квартал, 20/5 ғимарат  
БИН 220440036057  
ziyatkerm@gmail.com  
info@zbtbil.kz



Товарищество с ограниченной  
ответственностью  
“ZIYATKER TURAN”  
160000, Республика Казахстан,  
город Шымкент, м-н Туран, 192-й  
квартал, здание 20/5  
БИН 220440036057,  
ziyatkerm@gmail.com  
info@zbtbil.kz

**БҰЙРЫҚ**  
**2025 жылғы қыркүйек**  
**№ 67 ж/к**  
**Шымкент қаласы**

**ПРИКАЗ**  
**02 сентября 2025 года**  
**№ 67 н/с**  
**город Шымкент**

## **«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 14 наурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай отырысында берілген тапсырмалар хаттамасының 5-тармағына сәйкес, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілуіне байланысты, ҚР оқу-ағарту министрлігінің 26.05.2025 ж. № 123 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте 2025-2026 оқу жылында Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылсын .
2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асыру туралы жылдық кешенді жоспар бекітілісін.
3. Құндылыққа және құзыреттілікке бағдарланған тәсілдерін қолдану. Ұлттық құндылықтар : «Тәуелсіздік және Отаншылдық», «Бірлік және Ынтымақ» «Әділдік және Жауапкершілік», «Заң және Тәртіп» , «Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік» , «Жасампаздық және Жаңашылдық» бойынша жоспарлы тәрбие жұмыстары жүргізілсін.
4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы 6 әлеуметтік жоба арқылы жүзеге асырылсын, жобалар: «Қамқор», «Еңбегі адал жас өрен», «SMART бала», «Ұшқыр ой алаңы», «Шабыт», «Балалар кітапханасы» жоспар түзіліп жүзеге асырылып, жоғары деңгейде жұмыстар ұйымдастырылсын.
5. Жоба жетекшілері болып:  
- «Қамқор» жобасы – Ж.Б.Исимова

- «Еңбегі адал жас өрен» жобасы – Ж.Н.Тортаева
  - «SMART bala» жобасы – З.Х.Шайлаов
  - «Ұшқыр ой алаңы» жобасы – М.Н.Калходжаев
  - «Шабыт» жобасы – Н.Б.Медеубаев
  - «Балалар кітапханасы» - А.М.Ибрагимова
6. 2025-2026 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталығын» жобалары шеңберінде іс-шаралар жоспары өткізілсін.
  7. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтар бағыттарына жетекшілік ету, іс-шаралар ұйымдастыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.А.Жадиковаға жүктелсін.
  8. Бекітілген жылдық жоспар бойынша сабақ кестесіне сәйкес аптасына бір рет тәрбие сағаттарын (10 минут қауіпсіздік сабағы) өткізу, жоспарын «**kundelik.kz**» электрондық журналына уақытылы жүктеп отыру, сынып жетекшілеріне жүктелсін.
  9. Сынып жетекшілерге үнемі әдістемелік көмек беріліп, тәжірбие алмасу жұмыстары жүргізілсін.
  - 10.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша ұлттық құндылықтар бағыты негізінде сынып жетекшілердің құжаттары жылына 2 рет тексеріліп, жіберілген кемшіліктермен ӘБ жетекшілерімен бірге жұмыстар жүргізілсін.
  - 11.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы орындап қадағалауын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары М.А.Жадиковаға жүктеледі
  - 12.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары М.А.Жадиковаға жүктелсін.

Мектеп директоры:



Б.С.Длиббетова

Таныстым:

Бұйрықпен таныстым :

02.09.2025

(күні)



(қолы)

Марипов А.А.


(Аты-жөні)

Таныстым:

Бұйрықпен таныстым :

02.09.25

(күні)



(қолы)

Ушимова М.Б.


(Аты-жөні)

Таныстым:

Бұйрықпен таныстым :

02.09.25

(күні)



(қолы)

Мортаева Э.М.

(Аты-жөні)

Таныстым:

Бұйрықпен таныстым :

02.09.25

(күні)



(қолы)

Мамиев З.Х.

(Аты-жөні)

Таныстым:

Бұйрықпен таныстым :

02.09.25

(күні)



(қолы)

Жалқаров М.М.


(Аты-жөні)

Таныстым:

Бұйрықпен таныстым :

02.09.25

(күні)



(қолы)

Алдеубаев М.Б.


(Аты-жөні)

Таныстым:

Бұйрықпен таныстым :

02.09.25

(күні)



(қолы)

Ибраһимова А.М.

(Аты-жөні)